

**"Жекелеген қызмет түрлері бойынша біржолғы талондардың құны және белгіленген салық мөлшерлемелері туралы" аудандық мәслихаттың 2009 жылғы 13 сәуірдегі № 16/105 шешіміне өзгерістер енгізу туралы"**

*Күшін жойған*

Солтүстік Қазақстан облысы Есіл аудандық мәслихатының 2009 жылғы 27 шілдедегі N 20/101 шешімі. Солтүстік Қазақстан облысы Есіл ауданының Әділет басқармасында 2009 жылғы 28 тамызда N 13-6-122 тіркелді. Күші жойылды - Солтүстік Қазақстан облысы Есіл аудандық мәслихатының 2012 жылғы 20 желтоқсандағы N 13/68 Шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Солтүстік Қазақстан облысы Есіл аудандық мәслихатының 2012.12.20 N 13/68 Шешімімен**

«Бюджетке салықтар және өзге де міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасының кодексін қолданысқа енгізу туралы» Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 10 желтоқсандағы № 100-IV Заңының 36-бабына сәйкес, Есіл ауданы бойынша Салық басқармасымен өткізілген хронометрлік бақылаулар мен тексерулердің ортақүндік мәліметтері негізінде аудандық м ә с л и х а т

**Ш Е Ш Т І :**

1. «Жекелеген қызмет түрлері бойынша біржолғы талондардың құны және белгіленген салық мөлшерлемелері туралы» аудандық мәслихаттың 2009 жылғы 13 сәуірдегі № 16/105 шешіміне өзгерістер енгізілсін.

1) 1-тармақ жаңа редакцияда баяндалсын:

«Солтүстік Қазақстан облысы Есіл ауданының базарларында тауарларды сатумен айналысатын жеке тұлғалар, жеке кәсіпкерлер мен заңды тұлғалар үшін біржолғы талондардың құны бекітілсін, 1-қосымшаға сәйкес».

1-қосымшада «өнеркәсіптік тауарлар» деген жолда «318» сандары «250» с а н д а р ы м е н а у ы с т ы р ы л с ы н .

2) келесі мазмұндағы 1.1. тармағымен толықтырылсын:

«1.1-қосымшаға сәйкес эпизоттық сипаты бар қызметті жүзеге асыратын жеке тұлғалар үшін біржолғы талондардың құны бекітілсін»

2. Осы шешім ресми жарияланған күннен бастап 10 күнтізбелік күн ішінде қолданысқа енгізіледі.

сессиясының төрағасы

А у д а н д ы қ м ә с л и х а т  
Л. Тыртышная

хатшысы

А у д а н д ы қ м ә с л и х а т т ы ң  
Б. Шериязданов

Келісілді:

2009 ж. 28.07.

Есіл ауданы бойынша  
салық басқармасы бастығының

міндетін атқарушы

М. Мұстафина

Аудандық

мәслихаттың

шешіміне

2009 жылғы

27 шілдедегі

№

20/121

1.1-қосымша

**Эпизоттық сипаты бар қызметті жүзеге асыратын жеке тұлғалар үшін біржолғы талондардың құны**

| Р/с № | Қызмет түрлері   | Біржолғы талонның құны теңгеде |
|-------|--|--------------------------------|
| 1     | Тұқымдарды, сондай-ақ егу материалдарын (көшеттерді) сату          | 160                            |
| 2     | Жер учаскелерін өңдеу бойынша жеке тракторлар иелерінің қызметтері | 318                            |
| 3     | Үй жануарларын бағу  | 56                             |